

## ХАТТАМА №4

Құлсары қаласы

**Уақыты:** 24.02.2022 жылы, сағат 15:00  
**Өткен орны:** Қара Арна ауылдық округі әкімі  
аппаратының акт залы  
**Ұйымдастырушы:** «Жылыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылыойгаз ЖШС директоры
2. Бертлеуова С - ГКЖҚЖЖБ бастығы
3. Изматова У – өткізу қызметінің жеке тұлғалар бойынша менеджері
4. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
5. Сулейменова Ш - экономист
6. Аудандық мәслихаттан маман – Замханов Ж
7. Қара Арна ауылдық округі әкімі – Е.Елеусинов

### Күн тәртібі:

1. Әлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындап жатырған халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Халықпен болған ашық сұхбатты Қара Арна ауылдық округі әкімі – Е.Елеусинов ашып, «Жылыойгаз» ЖШС директоры Г.М.Жакашевке сөз берді.

Бұған дейінгі сұхбатымызда да, жыл сайынғы қоғамдық тыңдауларда айтып жүрмін, тағы да қайталаймын: біз газды «Теңізшевройл» компаниясынан сатып аламыз және аталған мекеме елдегі инфляцияның деңгейіне қарай әр жылдың 1 шілдесінде өз тарифін көтеріп отырады. Өсім өткен 2021 жылдың жазында да қосылды. Оқырмандарға түсінікті болу үшін айтайын: ТШО-ның 1 текше метрге шаққандағы сату бағасы – 5,67 теңге. Мұны компания басшылығы жоғарғы жақтағы министрлікпен келісіп бекітеді. Ал, біздің тариф облыстық табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қадағалауында. Біз өз кезегімізде сатып алған газды Құлсары қаласына тасымалдап, тұтынушыға сатамыз. Тасымалдау тарифіміз – 1 текше метр үшін 2,10 теңге, сонда көгілдір отын құны ауданға жеткенше қосымша құн салығынсыз 7,77 теңге, қосымша құн салығын қосқанда 8,70 теңгені құрайды. Өкілетті органның талабы бойынша 3 жыл бойына газ бағасы өсірілмеді, қазіргі таңда ауданда газ қосымша құн салығын қосқанда 7,68 теңгеге сатылып отыр, яғни біз әр 1 м3 газ үшін 1,02 тг ұтылып отырмыз.

Бір сөзбен айтқанда, біз табиғи газды «Теңізшевройлдан» қымбатқа сатып алып, халыққа арзанға беріп отырмыз. Себебі: жоғарыда айтып өткеніміздей, ТШО теңгенің құнсыздану деңгейіне байланысты газ бағасын жыл сайын қымбаттатумен келеді, ал біз 2020 жылғы тарифты өзгертпедік. Арзандатуды Теңізден (Теңізшевройл ЖШС-нен)

бастау керек және осы мақсатта біз өз тарапымыздан тиісті хаттарды жолдадық. Бұл сұрақ күн тәртібінен түспейді деп сөзін қорытындылады.

Одан кейін, кездесуге жиналған тұтынушылардан келесідей сауалдар, ұсыныс пікірлер түсті. Оған «Жылыойгаз» ЖШС мамандары жауап берді.

1. Бөкенов Д- газ бағасы, тұрақтандыру немесе түсіру жолдарын шешу қажет.
2. Нугымов Т - газ бағасы, қымбат емес, дегенмен де экологияға зиянын тиігізіп жатыр, адамдарымыз ауру, факелден қаншама газды ауаға таратып отыр, сол газды неге тегін бермейді.
3. Бөлтеков С – газ бағасына қатысты сауал жолдады, 180 күнге дейін бағаны ұстап тұрарсыздар, ал одан кейінгі газ бағасы қалай болады, осы жерде айтылған нәрсенің бәрі бос уәде болып қараусыз қалмауы керек деді.
4. Жиенқұлов Есен-үйіне келіп тұрған, шарбаққа кіретін газ компенсаторының тым аласа екендігін айтып, погрузчик сиятындай етіп көтеріп беруді сұрады. Одан кейін газдың бұл жерде газ бағасына қатысты мәселе қаралып жатырғаннан кейін Теңізшевройл мен аудан басшысы келу керек қой деді.
5. Махамбетов Жеңіс – газ төлемінің уақытын қайта қарап, әр айдың 1-не дейін төлеуге мүмкіндік берсе деген ұсыныс айтты.
6. Әкім газ бағасын түсіруді айтып, одан кейін компенсаторларды жер астына жіберу не көтеріп беру мәселесін шешуді сұрады.

Кездесудің қорытынды бөлігінде жиналған халық газдың толассыз, еш іркіліссіз беріліп отырғандығына алғысын білдірді.

Отырыс төрағасы кездесуді осы жерде айтылған барлық мәселелер ескеріліп, сұрышталатын болады және нәтижеге жұмыс жасайтынын жеткізіп аяқтады.

**Отырыс төрағасы:**  
«Жылыойгаз» ЖШС директоры



Жакашев Г.М

**Отырыс хатшысы:**  
Заң кеңесшісі

Кусаинова Н